

АУДАН ӘКІМІ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ



Ақтебе облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен жұма күні ауданға тілшілер тобы келді. Тілшілер ауданға сапары барысында мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Санитарлық талаптарға сәйкес, өлеуметтік қашықтықтар сақтала отырып өткізілген брифингте журналистерді аудан әкімі Асқар Қазыбаев өңірдің бүгінгі тынысымен таныстырды. Соңынан журналистердің сауалдарына жауап берді. Яғни, журналистер негізінен бүгінгі таңдағы өңірдің өзекті өлеуметтік мәселелерімен қатар, ауылдық елді-мекендерге газ тарту, жол қатынасы сияқты сұрақтарды қойды.

«БҰЛАҚ КӨРДІК, КӨЗІН АШТЫҚ!»



«Ойылдың» тағдыры сол жерде кіндік қаны тамған барлық азаматты ойландырып отыр. Ойылдың ортайып, арнасының аңқасы кеуіп қалғанын басты себебі – жауын-шашын мөлшерінің азаюы. Соңғы үш жыл мүлдем қыс болмады десе де болады. Кез-келген өзеннің негізінен қар суымен толығатыны түсінікті. Мамандардың айтуынша, бұлақтардың жазғы үлесі мардымсыз. Бірақ, «Теңіз – тамшыдан құралады» - деген қағидаға сүйенсек, жер астынан бүлкілдеп

жатқан бұлақтардың суы жазда ағысы баяулайтын өзеннің суының бұзылмауына септігін тигізсе керек. Ойыл ауданы өкімінің орынбасары Асқан Кенжебаев бастаған бір топ мекеме басшылары бірігіп ауыл іргесіндегі Көзді өзенінің бойындағы алты бұлақтың көзін аштық.

Алдағы уақытта көнекөз қариялардың сөздеріне сүйене отырып төңіректегі бұлақ көздерін зерттеп, ашу, төңірегін тазалау жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

АУДАНДЫҚ АУРУХАНАҒА «HYUNDAI» МАРКАЛЫ РЕАНИМОБИЛЬ КӨЛІГІ БЕРІЛДІ

ӨЛЕМ ЕЛДЕРІН ДҮРЛІКТІРІП, БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІ ДЕ ШАРПЫҒАН ІНДЕТ КЕЗІНДЕ ДӨРІГЕРЛЕРДІҢ МОЙНЫНА АУЫР ЖҮК ТҮСКЕНІН БАРШАҒА МӘЛІМ. ҚАТАН РЕЖИМДЕГІ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАР МЕН ДӨРІГЕРЛЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН БІЛІКТІЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА БҰЛ ҚИЫНДЫҚТЫ ДА БАСТАН ӨТКЕРДІК. ҚАУІПТІ ІНДЕТ БІЗГЕ ДӨРІГЕРЛЕРДІҢ ТИІМДІ ЖҰМЫС ЖАСАУЫ ҮШІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАҚСЫ БОЛУЫ КЕРЕКТІГІН ҮЙРЕТТІ. ОСЫ ОРАЙДА ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУҒА КҮШ САЛЫНЫП ЖАТЫР.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында коронавирусы пандемиясы барлық мемлекеттер үшін сынақ кезеңіне айналғанын ашық айтып, біздің мемлекетте ахуалдың жақсаруы босаңсуға себеп болмауы тиіс екенін жеткізді. Алдағы уақытта күш-жігерімізді барынша жұмылдыра жұмыс жасап, мәселе туындағын кезде шұғыл қимылдамай алдын-ала шаралар қабылдау керектігін баса айтты. Осы бағытта аудандық ауруханаға жаңа

«Hyundai» маркалы реанимобиль көлігі берілді. Аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаевтың айтуынша «Hyundai» маркалы реанимобиль көлігі «Astana Motors» фирмасынан алынған. Көліктің ішінде жасанды тыныс алдыру аппараты, яғни қажетті құрылғылардың бәрі бар екен. Өсіресе, аудан орталығынан қалаға науқастарды жеткізуге өте тиімді. Жол үстінде науқастың жағдайы нашарласа, дер кезінде көмек беруге болады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН БОЙ КӨТЕРГЕН ҒИМАРАТ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨРКЕНДЕП ӨСІП, ДАМУЫНА ӨНІРДЕ ТУЫП ӨСКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ОРАСАН ЗОР. СОЛАРДЫҢ БІРІ ТУҒАН ЖЕРІ ҮШІН БІЛЕК СЫБАНЫП ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП ЖҮРГЕН ТАЛҒАТ САЛФИКОВ. ӨНІРДІҢ БҰДАН БҰРЫН ДА АЛҒА ЖЫЛЖУЫНА ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТ БҰЛ ЖОЛЫ ДА ЖАС ӨНЕРПАЗДАР ДАЯРЛАЙТЫН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БОЙ КӨТЕРУІНЕ МҰРЫНДЫҚ БОЛДЫ.

Бір жазда бой көтерген музыка мектебінің бүгінде құрылыс жұмыстары толықтай аяқталған. Заман талабына сай барлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Құрылыс жұмысы толық аяқталып қызметтік жұмысын бастағалы тұрған ғимаратты, бас демеуші Талғат Салфиов өз көзімен көріп, сапалы жұмысқа оң бағасын беріп, қызметкерлер мен болашақ талантты өнерпаздарға ыстық лебізін білдірді. Бәрімізге белгілі Ойыл өңірі талантты жастардың нағыз ошағы. Талай дүбірлі додаларда оза шауып, шабысына шаң ілестіріс мектептері ауданымыздың атын шығарып жүргені бәріне аян. Бұған дейін ескі ғимаратты місе тұтқан өнердің жанашырлары енді су жаңа ғимаратқа орналасып түрлі байқауларда алдыңғы қатарларда көрінуге ниетті. Өнерпаздар мен оқытушылар жаңа оқу жылын жылы, жарық, жайлы ғимаратта бастайтындықтарына аса қуанышты. Өнерпаздар мектебінде бүгінде 17 қосымша білім беретін педагог қызмет атқарады. Сонымен



қатар 300-ге жуық талантты жас өнерпаздар өнер орталығында білім алуда. Олар 7 бағыт бойынша соның ішінде эстрадалық вокал, домбыра, қобыз, баян, дәстүрлі ән, хор, би бөлімдері бойынша білім алуда. Бұған дейін де түрлі өнер байқауына қатысып, талай жас талантты ұядан ұшырған өнер ордасында қазірдің өзінде мекеме жанынан құрылған «Үлгілі «Маржан» би ансамблі, «Үлгілі домбыра», «Жау-қазын домбырашылар», «Алақай» хоры жұмыс жасап келеді. Олар облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары. Қазіргі таңда өнер орталығы карантин талаптарын сақтай отырып жаңа ғимаратта өз жұмысын бастауға толықтай дайын. Лаззат Сабижанованың айтуынша,

осы уақытқа дейін ғимараттың жоқтығынан түрлі қиындықтарға тап болған жас таланттар үшін бұл жаңа ғимараттың бой көтеруі ерекше қуаныш екендігін айтады.

«Бұл жаңа ғимарат біз үшін үлкен арман болған еді. Қаншама жылдар бойы ескі ғимаратта, одан кейін ол ғимарат апаттық жағдайда болып басқа ғимараттарға ауысуы жүрдік. Осы уақытқа дейін ата-аналардың, оқушылардың, ұжым қызметкерлерінің су жаңа ғимаратқа ауысуы арман болып келген. Осы арманымызға, ұсынысымызға қолдау көрсеткен Талғат Салфиов мырзаға үлкен алғысымызды білдіреміз. Сол кісінің қолдауы мен демеушілігінің арқасында, сонымен қатар аудан әкімі Асқар

Қайырғалиұлы сынды ел азаматтарына алғысымыз шексіз. Бастаманы дамытып осы күйге жеткізу үлкен еңбектің жемісі деп білеміз» - дейді. Жаңа ғимарат жуық арада есігін айқара ашып өнерпаздарын қабылдауға дайын. Еліміз деп езіліп, жұртым деп жұмылып қызмет етіп келе жатқан ел азаматтарының арқасында Ойыл ауданы тағы бір жаңа ғимаратпен толықты. Боламын деген баланың бетін қақпай, белін бұған барша қолдаушы азаматтардың арқасында алыстан көз тартатын музыка мектебінің өз алдына бөлек шаңырақтарын көтергеніне көпшілік те дән риза.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

ҰСТАЗДАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРДЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҚАШАНДА ҚОШЕМЕТ ПЕН ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚТЫ. ҚАЗАН АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ ТОЙЛАНАТЫН ҰСТАЗДАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРА ДӘСТҮРЛІ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БІРІ. БҮГІНДЕ БҮТІНДЕЙ БІР ҰРПАҚТЫ БІЛІМ НӘРІМЕН СУСЫНДАП ЕЛ ҮШІН АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖОЛЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТЕТІН МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АДАЛ ҚЫЗМЕТІ БАСШЫЛЫҚ ТАРАПЫНАН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНЫП КЕЛЕДІ.



Кеше аудан мектептеріндегі ұстаздар мен округтердегі білікті мамандарының басын қосқан мерекелік шара өтті. Шарада алғашқы сөзді алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жүрген ұстаздардың айтулы мерекесімен құттықтап, еңбектеріне жеміс тіледі. Сонымен қатар, ұстаздарға өз атынан алғыс хат пен ақшалай сыйлықтарын табыс етті. Әуезді ән мен мың бұралған бишілердің өнерімен жалғасқан шарада марапат тапсыру

қасиетке ие ұстаздардың еңбектерінің еленіп жатқаны көпшілікті қуантады. Елімізде орын алған карантинге байланысты ұстаздардың да жұмысы өкіл есеге артқаны белгілі. Осы қиындықтардан сүрінбей өтуде алдыңғы шепте жүрген ұстаздардың ерлікті істерін атап өтпексе болмайды. Абыройлы міндетті ақаусыз атқарған мұғалімді халқымыз қашанда ерекше құрмет тұтады. Ұстаздың әр адам жүрегінен алатын орны айрықша, қолына қалам



одан өрі жалғасын тапты. Талай жыл ұстаздық қызметте жүрген бірқатар мұғалімдерге республикалық және Ойыл ауданы білім қызметкерлері көсіподақ ұйымынан ақшалай сыйақылар табыс етілді. Әр үйдің тентегін тезге салып, бар өмірін ұрпақтың көзі ашық, көкірегі ояу болып өсуіне арнаған ұстаздар қауымына қалай құрмет көрсетсек те жарасады. Басшы да, ғарышкер де, басқа да сала қызметкерлерінің бәрі ұстаздың алдынан тәлім алды. Теориялық білімнен қатар партада отырған баланың ішкі жан дүниесін көзінен-ақ ұғатын ерекше

ұстатып, алғаш өліппені үйреткен мұғалімді әр шәкірттің жүрегіне жылылық ұялатады. Шәкірт тәрбиелеуде талмай қызмет етіп жүрген барша ұстаздар қауымын айтулы мерекелерімен құттықтаймыз!

Р.С.

Аудан әкімі Асқар Қазыбаев түстен кейін Ойыл ағарлық колледжіне барып, барша колледж ұжымын мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар бірқатар ұстаздарға алғыс хаттарын табыстады.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ

АҚ САҚАЛДЫ ҚАРИЯ, АҚ ЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕНІ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІМЕН СУСЫНДАП ӨСКЕН ҰРПАҚ РУХАНИ МҮГЕДЕКТІҢ ШЕКПЕНІНЕН ШЫҒЫП, АДАЛДЫҚТЫҢ АҚ ЖОЛЫМЕН ЖҮРЕРІ АҚИҚАТ. ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРЫМЫЗ ЖАСТАРҒА ЖОЛ СІЛТЕП, ҮЛГІ БОЛАР ӨТКЕННІҢ САРҚЫТТАРЫ. ОЛАР БАРДА ДАСТАРХАНЫМЫЗ ЖИЫЛМАЙ, МАМЫРАЖАЙ ТІРШІЛІК КЕШІП, ӨНЕГЕЛІ ӨҢГІМЕЛЕРІН ТАҢДЫ ТАҢҒА ҰРЫП ТЫҢДАУҒА БОЛАДЫ.



1 қазан қарттарымыздың айтулы мерекесі «Халықаралық қарттар күні». Бұл күні бала мен немеренің ыстық лебізіне марқайып, талай тағдырдың сынақтарына сынбай келген қарттарымыз қуанышқа бөленеді. Барлық атаулы мерекелерді назардан тыс қалдырмай, талай ақжарма ақ тілегін арнап жүретін аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы осы жолыда қарттарымыздың үйлеріне барып арнайы өзірлеген сыйлықтарын табыс етті.

Дана халқымыз «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сөлем береді» деп тегін айтпаса керек. Құшақ жайып қарсы алған қарттарымыздың бірі жаксы өңгіменің тиегін ағытса, енді бірі қара домбыраны қолға алып әуелете ән шырқады. Осы

кездесуден-ақ даналықтың дара үлгісін көруге болады. Ойыл ауданында туған жерге еңбегі сіңіп, талай жыл ел қызметінде болған арда азаматтар қашан да құрметке лайықты. Солардың қатарында Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Амангелді Жұманов, Ауыл шаруашылық саласының ардагерлері Жәрдем Мұхамбетқали пен Шеркешбай Қостанов бар. Өрелі өмір жолын туған жердің түлеуіне арнап, еңбектерінің зейнетін көріп отырған шақта ұрпақтарына игілік пен ізгіліктің, пайым - парасаттың үлгісін танытудан жалықпаған қарттарымыз аман болсын.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

АУДАН ӘКІМІ ОНЛАЙН ДАУЫС БЕРДІ

Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы «Праймериз» ақпараттық жүйесі арқылы онлайн түрде дауыс беріп, өз таңдауын жасады. Бұл саяси додада партияның Ойыл ауданында партия мүшелігінің 1011 партия мүшесі бар. Оның ішінде 536 тұлға онлайн дауыс беру мүмкіндігіне ие.

3 қазан күні ауданның алты округіндегі арнай жасақталған сайлау учаскелерінде дәстүрлі сайлау жүйесі карантин талаптарын толықтай сақтай отырып жүзеге асырды.

Дауыс берушілер арасында түрлі сала өкілдері, жалынды жастар да бар. Егеменді ел тарихындағы праймериздің артықшылықтарын қоғам жоғары бағалап отыр.

- Праймериз аудан бойынша жоғары деңгейде өткізіліп жатыр. Бұған дейін үміткерлердің пікірсайыстарын, арнайы ұсынған бағдарламаларында ауданымыздың өлеуметтік дамуына пайдалы тұстары өте көп екендігін аңғаруға болады. Дауыс берушінің онлайн жүзеге асуының тиімділігі жоғары. Кез-келген дауыс

беруші жеке қалта телефоны арқылы дауыс бере алады. Сонымен қатар уақытты үнемдеу бағытында өз тиімділігін көрсетіп отыр. Осы праймериз арқылы іскер, отанын, өзі, белсенді білімді кәсіпқорлар іріктеліп шығады деген сенімдемін. Қазіргі саяси науқанға халықтың белсенділігі жақсы. Елбасы, Партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – Nur Otan партиясының 7 серпіні» бағдарламасында партия жұмысын жүйелі жаңғыртуды, жаңа заманның іскер тұлғаларына мүмкіндік беруді тапсырды. Нағыз іскер азаматтар лайықты деңгейде өз бағасын алады деп ойлаймын. Сайлау еркін, әділ, ашық түрде өтуде - деген аудан әкімі партияластарды дауыс беруге шақырды. «Nur-Otan» партиясының праймеризі Ойыл ауданының дамуына үлес қосатын азаматтардың шоғырын қалыптастыратыны айқын.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАДА КҮМІС МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ ИНФОРМАТИКА БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАҒА (INTERNATIONAL OLYMPIAD IN INFORMATICS– IOI 2020) ҚАТЫСТЫ. IOI 2020 НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ЛИЦЕЙІНІҢ ТҮЛЕГІ БАЙБӨЛОВ ТЕМІРЛАН КҮМІС МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

Биыл жарысқа 80-нен астам елдің оқушылары қатысты.Қазақстандық команданың құрамына информатика пәні бойынша республикалық олимпиада және іріктеу турының нәтижелері бойынша жеңімпаз атанған 4 оқушы кірді.

Информатика бойынша халықаралықдода аясындағы интеллектуалды біріншілікте бүкіл өлемнің жас программистері жиналатынын айта кеткен жөн. Аталған олимпиада күллі өлем бойынша ақпараттық технологиялар саласында жаксы көрсеткіштерге қол жеткізген дарынды оқушыларды анықтау және қолдау мақсатында ұйымдастырылған.

ҚР БҒМ баспасөз қызметі

ЕЛІМІЗДІҢ 800 МЫҢҒА ТАРТА ТҮРҒЫНЫ 2020 ЖЫЛЫ ЦЭТВ-ҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Қазақстанда цифрлық эфирлік телехабар тарату желісін енгізіп, аналогтық жүйені өшіру жобасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Сапалы телевизияны ендіру жұмыстары аясында телерадиохабар тарату саласындағы Ұлттық оператор «Қазтелерадио» АҚ радиотелевизиялық станциялар тұрғызып, модернизациялау үстінде.

2020 жылдың өзінде ғана 43 радиотелевизиялық станция: Солтүстік Қазақстан облысында 13, Қызылордада 16, Шығыс Қазақстан облысында 6, Ақтөбеде 5 және Ақмола облысында 3 РТС қолданысқа енгізілді. Бұл станциялардан тарайтын сигнал аталған аумақтардағы 684 елді мекен немесе 800 мыңға тарта тұрғынды қамтиды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Қарағанды облысында цифрлық эфирлік телехабар тарату желісіне 5 РТС тестілеу тәртібінде іске қосылған, сынақ жұмыстары сөтті аяқталған соң «Жастар», «Осакаровка», «Қантай», «Сұңқар» және «Пионер» радиотелевизиялық станциялары қолданысқа енгізіледі. Бұл РТС-тердің қамту аумағына Қарағанды облысының 25 елді мекені енеді.

Цифрлық эфирлік телдехабар тарату желісін енгізу жұмыстары 2012 жылдан бері жүргізіліп келеді. Бірқатар облыстар жаңа жүйеге толықтай көшті. Атап айтқанда Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Алматы, Павлодар, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында аналогтық телехабар тарату жүйесі өшірілді, биыл ЦЭТВ-ға толықтай көшу Алматы қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысында жоспарланған. Жобаны жүзеге асыру 2022 жылы аяқталады деп көзделген, «цифрға» көшу үшін барлығы 827 радиотелевизиялық станция тұрғызылып, жетілдірілуі тиіс. 2020 жылдың қазан айындағы мәлімет бойынша, 518 РТС қолданысқа енгізіліп, цифрлық сигнал ел халқының 89,42 пайызын қамтып отыр.

КАЗАХСТАНСКИЙ ШКОЛЬНИК ЗАВОЕВАЛ СЕРЕБРЯНУЮ МЕДАЛЬ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ ОЛИМПИАДЕ

СБОРНАЯ КОМАНДА КАЗАХСТАНА ПРИНЯЛА УЧАСТИЕ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ ОЛИМПИАДЕ ПО ИНФОРМАТИКЕ (INTERNATIONAL OLYMPIAD ININFORMATICS– IOI 2020). ПО РЕЗУЛЬТАТАМОИ 2020 ВЫПУСКНИК СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО ЛИЦЕЯ «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ДЛЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ Г. УСТЬ-КАМЕНОГОРСКО БАЙБӨЛОВ ТЕМИРЛАН СТАЛ СЕРЕБРЯНЫМ ПРИЗЕРОМ.

В состязании участвовали школьники из 80 стран мира. Казахстанскую сборную представили 4 участника,которые вошли в составкоманды по итогам Республиканской олимпиады и отборочных туров по информатике.

Следует отметить, что международная олимпиада по информатике собирает сильнейших молодых программистов со всего мира, каждый из которых борется за интеллектуальное первенство мирового уровня. Международное соревнование нацелено на выявление и поддержку талантливых школьников, показывающих высокие достижения в области информационных технологий.

Пресс-служба МОН РК

ПОРЯДКА 800 000 КАЗАХСТАНЦЕВ ПОЛУЧИЛИ ДОСТУП К ЦЭТВ В 2020 ГОДУ

В Казахстане активно реализуется проект по внедрению цифрового эфирного телевидения с полным отключением аналогового телевидения. В рамках внедрения нового, качественного «ТВ» национальным оператором в области телерадиовещания АО «Казтелерадио» ведутся работы по строительству и модернизации радиотелевизионных станций.

Только в 2020 году в эксплуатацию введено 43 радиотелевизионных станций 13 в Северо-Казахстанской, 16 в Кызылординской, 6 в Восточно-Казахстанской, 5 в Актюбинской и 3 Акмолинской областях. Данное количество РТС охватывает 684 населенных пункта или порядка 800 000 жителей указанных регионов.

Также в настоящее время на 5 РТС Карагандинской области в тестовом режиме включено цифровое эфирное телевидения, после тестового периода планирует планируется ввод в эксплуатацию радиотелевизионных станции «Молодежный», «Осакаровка», «Қантай», «Сұңқар» и «Пионерское». В зону охвата вышеуказанных РТС попадают 25 населенных пунктов Карагандинской области.

Работы по внедрению цифрового телевидения ведутся с 2012 года. Уже ряд областей перешли на цифровое телевидение, полное отключение аналогового осуществлено в Мангистауской, Жамбылской, Туркестанской, Алматинской, Павлодарской, Костанакской областях и в г.Шымкент, в текущем году полный переход на ЦЭТВ планируется осуществить в г.Алматы и Северо-Казахстанской области. Полное завершение реализации проекта ожидается в 2022 году, для успешного перехода на «цифру» необходимо построить и модернизировать 827 радиотелевизионных станций, по состоянию на октябрь 2020 года построено и модернизировано 518 РТС и общим охватом 89,42% населения страны.



АБЫЗДАР АМАНАТЫ

Шығыс пен Батыста есімі Аристотельмен қатар аталып, «Екінші ұстаз» деген құрметке ие болған ұлы ғұламаның ізгілікті ізін басып, игі ісін жалғастырушылардың бірі Жүсіп Баласағұн (1015-1070) еді. Ортағасырлық осынау ұлы ойшылдың мұралары күллі түрк халықтарына ортақ саналады. Жүсіп Хас Хажып елу төрт жасқа келгенде өзінің өйілі «Құдатуы Білік» («Құтты білік») деп аталатын діни-дидактикалық поэмасын аяқтап, бұл туындысын Қарахан билеушісі Сүлеймен Арслан ханға тарту етеді. Бұл үшін оған «Хас Хажып» (бас кеңесші) лауазымын берілгені белгілі. Бүгінде күллі түркі тілдес мұсылман халықтары осы классикалық шығарманы өздерінің мұсылмандық дәуірінің жазба әдебиетінің бастауы деп біледі.

Жүсіп Баласағұн қоғамды бақытқа бастайтын дана білім мен өділетті түзім туралы дидактикалық дастанында өділдіктің рөмізі ретінде Құнтоғды патшаны, бақ-дәулет, құттың нышаны етіп үөзір Айтолды, кемелденген ақыл-парасаттың өлшемі ретінде Өгдүлімшіт, қанағат-ынсаптың жиынтығын дәріуш Өдгүршіл образдарын мемлекеттің негізі тәрі тірегі етіп сомдап, қоғамның басқа мүшелеріне осы төрттікті үлгі-өнеге етуге үндейді. Бұл жерде өділеттің рөмізі ретінде патша образының алуында үлкен мән бар деп ойлаймыз.

Өл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн еңбектерін жақындастыратын ортақ тіл – жоғарыда сөз болған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бақытты қоғам қалыптастыру мәселелері еді. Өділетті билеуші туралы жан-жақты өрі терең зерделенген тұжырымды қағидат та – осы ортағасырлық қос классиктің шығармаларында ортақ сабақтасқан тақырып. Ортаазиялық қос ойшылдың адамзаттың бақыты туралы өлеуметтік көзқарастарының бір арнада парасатты тоғысуы – таңғажайып құбылыс.

Міне, осылайша ежелгі замандарда-ақ Орталық Азия мемлекеттерінде өлеуметтік өзара мейірбандық жүйесі жүзеге асырылып, қайырымдылық қорлар іспеттес құрылымдар жұмыс істеген. Көрші хақысын сақтау, жасы үлкенді сыйлау, кедей-кешікке, жетім-жесірге, жоқ-жітікке көмек беру, ортақ шаруаларды асарлатып бітіру сияқты абзаал дәстүрлер қоғам өмірінің қан тамырына айналған. Осының бөрі, жазбаша жарлықтарды былай қойғанда, халықтың ар-ұжданмен біте қайнасқан өдет-ғұрыптар еді. Мұқтаж жандарға қайырымдылық

жасаудан өзге меценаттық өріс алып, атымтай жомарттық қасиет ерекше дәріптелді. Әсіресе ғылымды дамытуға жасалған қайырымдылық аса ізгі істердің қатарында саналатын. Осындай парасатты істер нәтижесінде қоғамда қалыптасқан асыл игілікті бүгінде зерттеуші мамандар Орталық Азиядағы «Мұсылман Ренессансы» деп орынды атап жүр.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе мына бір философиялық заңдылықтың ұштағанын көреміз: «өділетті мемлекет – ізгілікті қоғам – кемел адам». Шыратып айтсақ, өділетті мемлекетте қоғам ізгі, адам да кемел болады. Немесе мұны кересінде де оқуға болады: кісілері кемел қоғамнан тұратын мемлекет өділетті игілікті ұстанады. Өрине бұл ұлағатты ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты, өрқайсысы бір-бірінің өмір сүруінің нақты келіпдігі сияқты.

Өділеттілікті ту еткен бұл ізгі мұрат жоғалып кеткен жоқ. Алып империяның шаңырағы ортасына түсіп, ел айырылған, «қарай басын шортан шалған» тұста Жерұйық іздеген Асан қайғы мен өділдік іздеп Әбілқайырмен ат құйрығын кесіскен Керей-Жөнібек сұлтандар жаңа мемлекеттің негізін қалады. Сондықтан Қозыбасыға қазық қаққан қазақ хандығының өзегінде де өділет пен Жерұйық идеясының жақтанын есте ұмытуға болмайды.

Ал араға ғасырлар салып, «жер қорыған желгек шал» ұлы Абай шығармаларында тура жолдан таймайтын өділетті сүйген кемел адам бейнесі, ар-ұждан тазалығы, мейірбандылықтың сауыты болған жүрек айнасы ерекше даналықпен жырланып, өл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның, Тоныкөк пен Асан қайғының төлімді идеялары жалғастығын тауып жаңғырады. Шығыс пен бастысты тел емген Абайдың өз шығармашылығында толық адам, ар ілімі, ізгілік пен өділет туралы толғағын мәлім.

Бұл тарапта бізге мектеп қабырғасынан жақсы таныс бір ғана мысал келтіру де жеткілікті болар:

...Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан төтті.

Адамзаттың бөрің сүй бауырың деп, Және Хак жолы осы деп өділетті. Баршаға мәлім бұл өлең жолдарында абыз өділетті сүюді Алланы және адамзатты сүюмен қатар қояды. Ал астарын аңдап, бағамдап бақсақ, пендесін махаббатпен жаратқандықтан, Алғаш сүюдің өзі өділеттілік

болмақ екен. Тағы да Абайша айтсақ, «...Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» Сол сияқты, бөрі Адам атаның кіндігінен тараған бауырың болғандықтан, күллі адамзатты сүю де адамдық борышқа жатады екен. Ақын өділетті «Хақ жолы» дегенде осыны меңзесе керек.

«Бәлкі ғәдаләт барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят – бұл ғадалаттан шығады» деген хакім Абайша қысындасақ, ынсап, ұят, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым сынды кісіні кемелдікке бастайтын барша ізгілік өділеттің синонимі іспетті. Ал өділетсіздік дегеніміз – қиянат, кісі ақысын жеу, шектен шығу. Отырардан шыққан тағы бір ойшыл ғұлама өл-Жауһари «өділетсіздік – зулымдық» деп баға берген екен. Сонда өсек, өтірік – кісіге; мақтаншақ, еріншек – болмысқа; бекер мал шашпақ пен ысырап – қоғам мен қоршаған ортаға қиянат, зулымдық болып шығады. Өрине ізгілік атаулыға қарсы болғандықтан, мұның бөрі өділет ұғымына кереағар, ал «қиянатышлыққа бір қарар тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман». Сондықтан түтпеп келгенде имансыздықтың өзі – Аллаға деген өділетсіздік, зулымдық екен. Бұл жерде «Өділ» – Алланың бір аты, олай болса өділет жолын ұстанған жан – Төңірінің сипатымен сәуленген кемел кісі.

Күллі сенім мен махаббаттың бастауы саналатын бұл ұғымның ойшыл ақынды өл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнға етене жақындастыратынын анық байқаймыз. Абай жырындағы махаббат, шапқат, өділет ұғымдары жеке адамның өміріндегі иманмен тең қастерлі мәртебеге ие. Демек, жан тазалығы, ғылым, рахым, өділет кісіні кемелдікке бастап, толық адам дәрежесіне көтеріетіні сияқты мейірбандық пен шапқатты ту еткен ізгілікті қоғам ғана өділетті мемлекетті қалыптастыра алады екен.

Бұл орайда Абай философиясындағы «толық адам» ұғымы суфизмдең өл-инсан өл-көміл» (кемел адам) қағидатымен сабақтас екені белгілі. Дегенмен, Абайда бұл ұғым неғұрлым өмір-тіршілікпен үндес сипатқа ие, яғни өлеуметтік бұқаралық мазмұнда беріледі. «Пенділіктің көмалаты әулиелік бірлен болатұғын болса, күллі адам төркі дүние болып, ху деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды,

астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді?» деген дана ақынның ойынша адамның кісілік келбеті мистикалық сипаттан емес, оның жүрегіне Жаратушы өу баста еккен ізгілік қасиеттерді шындап, кемелдендіру арқылы нәр алады, ал мұндай адамгершіліктің нұры қоғам мен мемлекетке шапағатын тигізуі хақ.

Сондықтан Абай «адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді» дейді. Осы тұста ақылман ақынның сөзі «елді хекімдер басқаруы тиіс» деген өл-Фарабидің ойымен ұштасып кетеді.

Уақыт басты құндылыққа айналған бүгінгі заманда «сағаттың шықылдағы емес ермек» деген дала данышпанының сөзі баршаны сергектікке шақырғандай. Бұл орайда Абайдың дүниетаным философиясы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ұштағанға – «өділетті мемлекет – ізгілікті қоғам – толық адам» ұғымына, яғни өз кезінде ортағасырлық түркі ойшылдарының, әсіресе, өл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн негіздеп кеткен терең тамырдан нәр алғанын аңдаймыз.

Ортағасырлық классиктер төрізді Абай да бала жасынан үш үлкен қайнардан ілім суысының қандырды: дала дәстүрі, мұсылмандық Шығыстың классикалық мәдениеті, батыстың ғылымы мен философиясы. Осынау үш өлемнің тоғысынан, сонымен бірге ұрпақ жалғастығы арқылы жеткен ұлылар ұлағатының мыңжылдық іргетасынан Абайдың өлеуметтік философиясы сымбаттанып бой түзеп қалыптасты. Ақын мұрасын осынау тарихи контексте ғана толық түсінуге болады.

Бұл – бір ғана Абайға ғана емес, қазақ халқының бай салтанатты мәдени қазыналарына да қатысты сөз. Сондықтан Абайдың өз заманында қазақ қоғамын сауықтыру бағытында айтқан ғаклия-насихаттары бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. «Рухани жаңғыруға» өзек болуға жарайтын асыл сөздер де Абайда! Ендеше кемел кісіліктің кілтің тапқан парасатты тұрғындардан құралатын «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бақытты, бақуатты, ізгілікті қоғамға сүйенген өділетті мемлекет – абыздардың аңсары іспетті.

XIX ғасырда ойшылдар байыптаған, одан ертеде орта ғасырда ғұламалар негіздеген біз талдап отырған үш тұғырлы құндылықтың өміршең үйлесімін қазіргі қоғамымызда қамтамасыз ету – замана талабы. Бұлар: халықтың ғасырлар бойғы сапт-дестүріне негізделген ұлттық мұра, өлемдік өркениеттің жоғары стандарттарына сүйенетін жалпыадамзаттық ақыл-ой қазынасы және ізгілікті діни құндылықтарды бойына сіңірген рухани жетілу қағидаты. Осы парасатты арналар бір-бірімен бірегей негізде ұштасқанда біздің өлеумет ақыл-ой қазынасын өндіретін өлеуетті қоғамға айнала алады.

Өу баста өзінің сайлауалды бағдарламасына да өділдік ұғымын басты ұстанымдардың бірі етіп алған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тауада жариялаған халыққа Жолдауында «өділеттілік»-әсіресе ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет» екенін айта отырып «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Өділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және өділ шешім шығару қажет» деп атап көрсетті. Сондықтан Мемлекет басшысының баяндамасын да «Өділетті мемлекет» жру жолындағы бір қадам ретінде бағамдаған көңіл сияқты.

Өткенсіз болашақ жоқ. Рухани негізсіз материалдық байлықтың да баяндауы болуы есте мүмкін емес. Біз бүгін бағдары мұраға қалған ар ілімін насихаттап, өділетті, мейірбан қоғамды қалыптастырудың аса қажеттілігі мен шынайы мүмкіндіктерінің бар екенін нақты сезініп отырмыз. Бұл бос қиял емес, бүгінгі біздің қанымызда қалыптасқан ұлттық код, санамызда жаңғырған ізгі мұрат, кешегі өткен тарлан тарихымыздың асыл мирасы. Міне, бағзы бабалардан бастау алып, өл-Фараби жаңғыртып, Жүсіп Баласағұн жалғастырып, Абай арқылы алтын арқауы мен арнасын тапқан абыздар даналығы бізге осыны аманаттайды.

Дархан ҚЫДЫРӨЛІ,
Халықаралық Түркі академиясының президенті.

ТҰМАУ ЕКПЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ ӨТЕ КӨП!

Жыл сайын тұмау мен жедел респираторлық вирустық инфекцияларды жұқтырушылардың саны 1 миллионға дейін жететіні тіркелсе, өткен жылы 800 мың жедел респираторлық вирустық инфекция жағдайы байқалған. «Сондықтан да біз алдын алу шараларына ерекше мән беруіміз керек. Мүмкіндігінше адамдар көп жиналатын жерлерге баруды шектеп, әсіресе балаларды ауасы желдетілмейтін ғимараттарға апарудан тартыну қажет. Ауруға қарсы тұру үшін ағзаны дәрумендермен барынша толықтырып, жасанды дәрумендерді, сондай-ақ жеміс-жидектерді көбірек тұтынған дұрыс», дейді Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер. Аурудан сақтануда, ағзаның инфекцияларға қарсы иммунитетін арттыруда лимон, анар, киви өнімдерімен қатар итмұрын, қарақат қайнапаларын, ал түнге қарай табиғи фитонцид болып саналатын сарымсақ пен пиязды тұтынуға кеңес берген маман жеке гигиена ережесіне ерекше мән беру қажеттігін де ескерті.

Биыл ауруға қарсы тұрар қабілеті аз топтардағы адамдарға тұмауға қарсы екпе жасалады. Бұл топтарға – балалар, жүкті әйелдер, созылмалы ауруы бар адамдар, сонымен қатар медицина қызметкерлері жатады. Олардың ішінде созылмалы өкпе, жүрек өрі қан-тамыр ауруларымен, иммундық жеткіліксіздігімен ауыратын, өлсіз және жиі ауыратын балалар, сондай-ақ медицина қызметкерлері, жүкті әйелдер мемлекеттік бюджет есебінен вакцинацияланады. Осы топтағылардың әрқайсысы аурудың ауыр түріне бейім. Бұл ретте, уақтылы егілу аурудың жеңіл өтуіне көмектеседі. Бұл өз кезегінде

халықтың денсаулығын қамтамасыз етеді. Көбінесе, 5 жасқа дейінгі балалар жиі ауырады.

Мамандардың мәліметіне сүйенсек, екіншіше қарай, бізде балаларға қарағанда ересектердің вакцина алу деңгейі жоғары. Яғни, ересектер өздерінің денсаулығын ойлайды да, балаларды ұмытып кетеді. Сондықтан балаларды вакциналау шараларына мән беру керек.

Сонымен қатар алдын алу мақсатында әрбір адам қалауы бойынша тұмауға қарсы ақылы түрде вакцина алаалады.

Тұмауға қарсы вакцинаны жаппай егу шаралары елімізде 15 қыркүйектен басталды, 2020 жылы бюджет қаражатына Ресейде өндірілген «ГРИППОЛ +» вакцинасы алынды. Жыл сайын тұмауға қарсы вакциналар штаммы жаңарып отыратыны белгілі, ал 2020-2021 жылдардағы эпидемиялық маусымда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымы бойынша елімізде қолданылатын үшвалентті вакцинаның құрамында тұмаудың үш штаммы бар екен. Бұлар – Мичиган, Сингапур мен Колорадо штамдары.

Вакцинациялау маусымы қараша, қажет болса желтоқсанға дейін созылуы мүмкін. Осы уақытта қазақстандықтардың 20 проценті тегін вакцинацияланса, тұмаудың алдын алғысы келген әр адам қалауы бойынша ақылы түрде екпе жасата алады. Екпе Ойыл аудандық ауруханасының егу кабинетінде жүргізіледі.

Ақылы егу кабинеттерінде тұмауға қарсы вакцинаның құны 1500-2500 теңге аралығында болады.

Тұмауға қарсы екпе керек пе?

Алдымызда күз. Ауадағы салқын-

дық өсерінен немесе ауыспалы ауа райының салдарынан көптеген ауруларды қоздырушы вирустар күшейе түседі. Өсіресе, тұмаудың уақыты. Тұмаудан сақтану үшін жыл сайын екпе ектіреміз. Бірақ, осыған қарсы болатындар да бар.

Тұмауға қарсы екпе неге керек?

Егу жұмыстары – тұмаудан қорғайтын жалғыз сенімді қорғаныс жолы.

Тұмау – адамнан адамға тез жұғатын, вирусты инфекция. Сықаттанған жағдайда: температураңыз 38 °C-тан жоғары болады. Буыныңыз бен бұлшық етіңіз сырқырайды, басыңыз қатты ауырады. Жетелесіз, мұрныңыз бітеледі. Тұмауға қарсы арнайы дәрілер аз: антибиотиктер вирусты жоюға қауқарсыз, ал кейбір дәрілерді қолдану тиімсіз. Тұмауды асқындырып алудан жылына 500 мыңға жуық адам қаза табады.

Екпе қалай өсер етеді?

Барлық вирус пен бактерияның құрамында нәруыз болады. Біз үшін бұл нәруыздар – антиген. Бұлар біздің денемізге түскен бойда иммундық жүйеміз антиденені бөле бастайды. Яғни, осылайша антидене инфекцияны құртады.

Вакцинаның құрамында инфекцияның өлі қоздырғыштары болады. Денеге енген соң, иммундық жүйе оны инфекция ретінде қабылдап антидене бөле бастайды.

Егер сіз вирус жұқтырып алсаңыз, иммундық жүйеңіз оған тез қарсы жауап қайтарады. Өйткені, антидене алдын-ала дайын болады. Сол себептен, ауру қозбайды немесе мүлде байқалмастан өте шығады.

Екпе әрқашан көмектесе ме?

Екпенің тиімділігі орташа есеппен 70-80%-ға тең. Қарап отырсаңыз, ұл-



кен көрсеткіш емес. Бірақ, оның себептері бар:

• Тұмаудың вирусының түрі көп. Ол тез мутацияға ұшырайды. Екпе сізді тек нақты вирустың түрінен ғана қорғай алады. Ал, сирек кездесетін түрінен қорғауға қауқарсыз болуы мүмкін.

• Екпенің түрі көп. Соған сөйкес, оның өсері де өртүрлі.

Екпе егілген соң тұмаумен ауырсаңыз, ол асқынуға жол бермейді. Сонымен қатар, екпе тек тұмаудан қорғайды. Сіз белгілері тұмауға ұқсайтын, басқа бір вирусты денеңізге жұқтырып алуыңыз өбден мүмкін.

Екпе жұмыстары кімге жүргізілуі керек?

• Балаларға және қарттарға. Олардың ағзасы тұмаумен күресуге жара-

майды.

• Оқушылар мен студенттерге.

Олар уақытын көп адамдардың ортасында өткізеді.

• Қоғаммен жұмыс жасайтын ересектерге: дәрігерлер, мұғалімдер, сатушылар.

• Созылмалы дертке шалдыққан адамдарға. Тұмау олардың дертін асқындырып жіберуі өбден мүмкін.

Екпелер қауіпсіз бе?

Иә, мүмкіндігінше қауіпсіз. Барлық өнімнің қарсы көрсетілімі бар. Олар екпенің түріне байланысты. Ең қауіпсізі – ине арқылы егілетін екпелер.

Ал, спрей арқылы егілетін екпелердің қауіпсіздігі басқалармен салыстырғанда төмен.

Салдары қандай болуы мүмкін?

Басты қауіп – аллергия.

Сонымен қатар, өте сирек кездесетін қауіп ол – жүйке жүйесінің істен шығуы.

Температураңыз 37,5 °C дейін көтеріліп, қызару, аздап ісу бұл – қалыпты реакция. Яғни, сіздің иммундық жүйеңіздің түзіліп жатқандығын білдіреді. Жағымсыз, әрине, бірақ бір-екі күнде қайта қалпыңызға келесіз.

Екпені қашан ектірген дұрыс?

Қараша айының ортасына дейін жасағаныңыз дұрыс. Өйткені, екпеден соң ағзада иммундық жүйеңіз қорғаныш қабілеті ояну үшін 2 аптадай уақыт керек. Тұмаудың асқынатын шағы күз айлары мен қыстың басы және көктемнің алғашқы күндері.

Деніңіз сау болсын!

Ж.МОЛДАШҚАЛИҚЫЗЫ,
Эпидемиолог.

ЕЛОРДА КАРАНТИНГЕ ЖАБЫЛМАЙДЫ

Әлеуметтік желіге тараған «15 қазаннан бастап бас қалада қайтадан шектеу шаралары енгізіліп, блокбекеттер қойылады» деген ақпаратты ведомствоаралық комиссия ресми жоққа шығарды. Сондықтан, алаңдауға негіз жоқ.

АЛМАТЫДА БІРҚАТАР НЫСАННЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ УАҚЫТЫ ҰЗАРТЫЛДЫ

Көлік жуу, автомобильге техникалық қызмет көрсету, дөңгелек жөндеу, тұрмыстық техниканы жөндеу, аяқ киім шеберханалары, химиялық тазалау және кір жуу орындары енді сағат 10.00-ден 00.00-ге дейін ашық болады. Ал жеке ғимараттарда орналасқан асхана, кофехана, кафелердің таңғы сағат 05.00-ден түнгі 00.00-ге дейін қызмет көрсетулеріне рұқсат берілді. Қаладағы театрлар да ашылады.

ЕРТЕҢНЕН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ҰШАҚ ЖОЛАУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЛАП КҮШЕЙТІЛЕДІ

Енді Қазақстанға келген шетелдік азаматтардың қолында кем дегенде 72 сағат бұрын алынған ПТП-тестілеудің нәтижесі болуы тиіс. Онсыз елге кіржілмейді. Сондай-ақ, халықаралық рейспен ұшып келген қазақстандықтар да COVID-19 вирусының бар-жоғын анықтайтын тестті алдын-ала тапсыруы тиіс.

t.me/inbusinesskz

ЕСКЕ АЛУ

ӨКЕМ – АСҚАР ТАУЫМ!

«Өке – асқар тау, ана – қайнар бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» - дегендей «өке» деген сөз қандай жақсы, қандай ыстық десеңші! Өмірде өкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар? Өйткені біз үшін өкенің орны бөлек. Менің өмірдегі ең қымбат адамым, ол – менің өкешім.

Өкем, Әділхан Мерғалиұлы кішкентайымда ақылшым, қамқоршым, қолдаушым, қорғаным болды. Мен өкемнен көп тәлім-тәрбие алдым. «Өкең барда орындалар арманың» демекші, өмірдегі көрегіңді ең алдымен бір Алпа, екінші өкең берері анық. Менің ұстаздық жолына келуіме бірінші себепші болған да өкем еді.

Өкемнің өзі көп жылдар бойы ұстаздардың ұстазы болған ұлағатты тұлға. Дүниедегі мамандық атаулының төресі ұстаздық болса, менің өкем сол ұстаздық мамандықтың биік шыңына жете білді.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ғойшылы Жан Жак Руссо айтқандай, өкем барлық өмір жолын тәрбие мен тәлімге арнады. Барлық жүрекжарды жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік қасиетін білім мен тәрбие берген шәкірттеріне дарыта білді. Салауатты өмір салтын ұстанып, жан-жағына үлгі бола білетін.

Өкем, 1949-1950 жылдары Алматы мемлекеттік мұғалімдер институтын ойдағыдай бітіріп, Көптоғай жеті жылдық мектебіне тарих пәні мұғалімі болып орналасады. Соңғы еңбек өтілімі 1988 жылы Ақшатау сегіз жылдық мектебінде директор болып қызмет етіп, зейнеткерлік демалысқа шықты. Ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Мектептердің жаны» болды. «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» - деген қағидағы өмір бойы ұстанған қарапайым, адамгершілігі мол ұстаз және бізге жанашыр өке болған жан.

Өкемнің алдынан өткен шәкірттері қазіргі таңда еліміздің барлық аумағында беделді қызмет атқаруда. Олардың саны мен жеткен жетістіктерін айтып тауысу мүмкін емес.

Анам, Ғалия Ғафұетқызы өкеммен бірге қызметтес болып, көп жылдар бойы еңбек еткен ҰСТАЗ, көп балалы ана. Бүгінде өке – шешеміздің өнегелі ісін жалғастырып ұл-қыздары, немерелері білім саласында абыройлы еңбек етіп жатса, ұл-қыздарының алды зейнеткерлікке шықты.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына із қалдырса» - өкемізді еске алып барлық балалары мен немерелерінің атынан дұға қылып, сағынышпен еске аламыз!

Жалғап өскен ағайынның арасын,

Қайран өке, бір тебе дарасын,

Тірі болса артыңдағы ұрпағың,

Өкешім, мәңгі есте қаласың!

Еске алушы: тұлға бойы тұңғышы, зейнеткер педагог Қарлығаш Әділханқызы Мерғалиева.

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Б А Р Л А М А										
Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі										
№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайы-лымдық	Шабындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	200,0	199,55	-	-	0,45	11	қамтылмаған
2	Лот 2, учаске №, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1500,0	-	1496,76	-	3,24	11	қамтылған
3	Лот 3, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	2000,0	-	1988,6	-	11,4	11	қамтылған
4	Лот 4, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	3000,0	-	2991,5	-	8,5	11	қамтылмаған
5	Лот 5, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	2000,0	-	1974,67	-	5,08	11	қамтылған
6	Лот 6, учаске №1, Қараой а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	300,0	-	298,02	-	1,98	11	қамтылмаған
Барлығы				9200						

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сөйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	200,0	199,55	-	-	0,45	11	не оснащен
2	Лот 2, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1500,0	-	1496,76	-	3,24	11	оснащен
3	Лот 3, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	2000,0	-	1988,6	-	11,4	11	оснащен
4	Лот 4, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	3000,0	-	2991,5	-	8,5	11	не оснащен
5	Лот 5, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	2000,0	-	1974,67	-	5,08	11	оснащен
6	Лот 6, участок №1, Караойский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	300,0	-	298,02	-	1,98	11	не оснащен
ИТОГО:				9200						

ПРИМИЧАНИЕ !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства; 3) обязательства по выполнению требований законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляют в запечатанном конверте, пронумерованных, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. Схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационный уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Ойыл Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1601 таба. Тапсырыс №1258 Көлемі 1 баспа дана, индексі 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.
--	--	--

ЕНДІ «АРХИВТІ ШАҢ БАСПАЙДЫ!»

Архивті сақтау, оны түгендеу, жаңа заман талабына сай жаңарту, еркеніетті қоғамның үрдісіне айналып келеді. Мұрағаттар қоры адамның, қоғамның және мемлекеттің басқару қызметінің сенімді серігі, керек деректі дер кезінде жинақтап, ақпаратты сақтаушы, жеткізуші мекеме екені бәрімізге белгілі. Солардың бірі Ойыл аудандық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар - мұрағаттар дүниесіне елеулі, іргелі зерттеулер жүргізуге бағытталған қорларға бай. Бүгінде 1965 жылдан бастап сақталып келе жатқан құжаттар А3 формат көлемінде сканерленіп толықтай цифрландырылуда. Дана халқымыз «Құжатсыз архив жоқ, архивсіз тарих жоқ, тарихсыз халық жоқ» деп тегін айтпаса керек. Аудандағы архив бөлімінде ұзақ жылдар бойы сақталып келе жатқан құнды құжаттардың цифрландырылып, базаға енгізу арқылы кез-келген тұлғаның қажетті құжаттардың телнұсқасын электронды түрде алу мүмкіндігіне ие болады. Қазіргі кезде ұлттық архив ісі жаңаша көзқарастар мен жаңаша бағыттарға бет бұрып келеді. Қазірдің өзінде барлық құжаттарды сканерден өткізу архив қызметкерлеріне үлкен міндет жүктеп отыр. Қыркүйек айында әкелінген А3 сканерімен олар бір күнде 100-200 бетті өткізуге мүмкіндік алғанын айтады. Қорда сақталған барлық құжаттарды 3 жылда цифрландырып базаға енгізу жоспарланған. Ойыл аудандық архив бөлімінің басшысы Асқар Пангереветің айтуынша жаңадан әкелінген сканер тарихқа жалпы



Ойыл өңірінің тарихына жаңа мүмкіндіктер сыйлап отырғандығын айтады. *«Бізде қазіргі таңда 62 қор бар. Оның 1562 іс-қағазын түгел сканерден өткізіп электронды нұсқасын шығаруды қолға алдық. Алғашқы жұмыстарды Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінен бастадық. Жалпы басқа округтерге қарағанда Қараталдан сұраныс көп түсетіндіктен алғашқы құжаттар лезін осы елді-мекеннен бастадық. Бөлімде үш қызметкер тынбай еңбек етуде. Жоғарда аталып өткен бір күнде өткізілетін бетті тіпті 300-350 бетке дейін өткізіп дайындап жатырмыз»* - дейді. «Жазу – қымбат, сырынның тас қамалы, жазумен бектер елді басқарады» - деп Х-ғасырда айтылған Жүсіп Баласағұнның сөзі,

халықтың құжаттық жады – архивтерге тікелей байланысты, бүгінгі күні де өз мәнін жоймай көрсінше жаңаша бағытқа бетбұрыс жасап келеді. Алдағы уақытта осы аталған А3 форматтағы сканердің көмегімен базаға енгізілген құжаттарды Қазақстанның кез-келген түкпіріндегі қызығушылық білдірген адам көрсетілген ақпараттар арқылы хабарласып құжаттарды тез табуға мүмкіндік алғалы отыр. Мұрағаттық анықтама сұраған толассыз сұраныстар легі, мұрағаттардың оқу залдарындағы зерттеушілердің уақыттарын жоғалтуы, құжаттарды іздеуіне цифрландыруға көшіміздің тиімді тұстары көп екендігін растай түседі.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
Ойыл селосы.

ҰСТАЗ ДЕГЕН «АСЫЛ СЕЗІМНІҢ» ИЕСІ

Ұлағатты ұстаз есімі замана көшіп, жылдар жылжып өтсе де, қашанда асыл да, ардақты, қасиетті де, қадірлі болмақ. Өйткені, ақ парактай тап-таза болып келген тарыдай ғана шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, ерекше жылудық нұрын сөйіп, таным көкжиектерін кеңейтіп, білім қоржындарын өмірлік рухани азықпен толтырып, «таудай азамат» етіп шығаруда ұстаз еңбегі орасан зор. Міне, осындай жаңдарға ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен өрі еткен ғарышкер де бәрі-бәрі құрметпен бас иеді. Осындай ардақты есімді арқа-лап, көпшіліктің құрметіне бөленіп, ұрпақтың ұлы мұраты жолында таймай еңбек етіп жүрген ұстазымыздың бірі – Ұлболсын Жұмасева.

Педагогикалық тәжірибесі мол, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін меңгерген, инновациялық технологияларды қолданып, шығармашылықпен жұмыс істей білетін ұстазымыз қаншама шәкіртті білім кемесіне отырғызып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып келеді. Ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі, аналық сезімінің, дана ойдың ыстық лебі бар Ұлболсын апай 36 жылдық еңбек өтілін алғаш Қаракемер негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. Ақтөбе педагогикалық институтының бастауышты оқыту педагогикасы және методикасы факультетін бітіріп, 1989 жылы Н.К.Крупская (қазіргі Ж.Жүсіпбайұлы атындағы) атындағы Ойыл қазақ орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып орналасты. Қазіргі таңда 2013 жылдан бері Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясында еңбек етіп келеді.

Ширек ғасырға жуық еңбек өтілі бар білікті ұстаз шәкірттерімен қарым-қатынаста ізгі ниеттілік, кішіпейілділік пен мәдениеттілікті бірінші кезекке қоятыны аңғарылады. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздың» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушыларының бойынан да аңғарылады. Жақсы ұстазға кезігіп, жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білімді шәкірт тәрбиелей білгені үшін аудан тұрғындарының да ұстазға деген сый-құрметі ерекше. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деп дана халқымыз айтпақшы, Ұлболсын Құралқызы дарынды оқушыларды тани біліп, оларды шығармашылыққа баули отырып, үнемі ерінбей жұмыс істейді. Оқушыларын аудандық, облыстық, республикалық түрлі жарыстар мен сайыстарға жиі қатыстырады. Білім додасында бақ сынаған шәкірттері жүлделі

орындармен оралып, апайының үмітін ақтап та жүр. Атап айтар болсақ, республикалық «Зерде» конкурсының облыстық кезеңінен Әлімжан Нұрханым 3 орын, Алпысбай Инабат мадақтама алса, «Кішкентай білгірлер» сайысының облыстық кезеңінен Жонисова Зарина, Қайратқызы Нұрбану 2-орынды иемденді. «Кенгуру» халықаралық интеллектуалдық марафонынан Жарылғасын Асылбаев, Аманова Ақбота сынды оқушылары 2 орын алды. Жоғарыда апайдың оқушыларының жеткен жетістіктерінің бір азғантай бөлігін ғана тілге тиек еттік, ал тізбектей жазар болсақ, біраз бетті алары анық.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырымын жадына түйген Ұ.Құралқызы кәсіби шеберлігін шыңдауды назарда ұстайды. Жоғары санатты ұстазымыз жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білім-білігін арттырып отырады. Өзі біліп, үйреніп қана қоймай, білгенін өзгелермен бөлісе де біледі. Жаңа бағдарлама бойынша әдістемелік көмекші құралдар жазып, аудан, облыс көлемінде таратты. Ауыртпа-лыққа алдырмайтын ішкі рухани қайсарлығы мен мығым мінезінді арқасында асқақ асылдарды бағындырып келеді.

Жақсы ұстаз өз жолын қуатын шәкірт тәрбиелеп, ұстаз бен шәкірт арасында үзілмес сабақтастық орнатқанда ғана ұстаздың есімі ұрпақтан ұрпаққа таралары сөзсіз. Себебі кез-келген салада, білім мен ғылымда болсын жетістікке жеткен жан әуелі өзінің алғашқы ұстазын еске алатыны белгілі. Міне, осындай нәзік сабақтастықты орната білген Ұлболсын апаймыздың шәкірттерінің арасында ұстаздық жолда қызмет етіп жүргендері де баршылық. Солардың бірі Ө.Қарағұлова Қ.Жұбанов атындағы университетте «бастауышта оқыту педагогикасы және методикасы» факультетінде оқытушы, ал И.Жайлыбаева педагогика ғылымының кандидаты, С.Майланов, А.Дінжановалар мектепте мұғалім болып қызмет атқарып жүр. Д.Жердемов, М.Хамитова, А.Әдірова, Д.Айдығалиев, М.Сахиев, Ә.Мейрамқызы, Е.Елтаев бүгінде жоғары оқу орындарының студенттері. Жоғарыдағы аталмыш жандарды ұстаздық өлеміне жетелеп, өз ізбасарлары етіп тәрбиелеп шыққаны «Шәкіртінің ұстазына қарап бой түзгені» деуге өбден лайық. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, бір-бір



көсіптің тұтқасын ұстаған шәкірттері де өмірде бағындырған зор асуларына ұстазының сіңірген еңбегінің нәтижесі екенін жақсы түсінеді деп ойлаймыз. Ұстаздыңтыңысыз білім беру сапасындағы нәтижелі үздік шығармашылық еңбегі еленип, облыстық білім басқармасының құрмет грамотасына ие болды. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстары үшін «Ауданның жыл мұғалімі», «Ардақты ұстаз» номинациялары мен аудан өкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Әріптестері ортасында сабырлы, әкөңіл, ашық-жарқын мінезімен құрметке ие болған ұстаз – өзінен кейінгі жастарға ақыл-кеңесін аямайтын алдыңғы аға буын өкілдерінің бірі. Қашан көрсен де жайдарлы жүретін Ұлболсын Құралқызының сабырлылығы, тиянақтылығын үлгі тұтамыз. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі күнге дейін қабақ шытып, біреудің жанын жаралап дауыс көтеріп жатқанын аңғармаппыз. Қай уақытта да биязы қалпымен бөріне құрметпен қарайды. Ұрпақ тәрбиелеу саласында өзіндік орнын қалыптастырып, жастарға үлгі болып жүрген ұстаздың еңбегіне бас иеміз.

Екі баласын қанаттыға қақтырмай ер жеткізген жанның аналық ақ арманы да орындалып, бүгінде ұлқызынан бес немере сүйіп, балаларының ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Қалауын таба білген жан сіздей-ақ болар. Өйткені, ана бақыты мен ұстаздық ұлы жолдағы еңбегіңіз еш кеткен жоқ. Алдағы қызмет жолыңызға да шығармашылық шабыт тілеп, жас ұрпақтың жан дүниесіндегі өзіңіз сепкен ізгілік шуағының нұрына бөлене беріңіз дейміз.

Нұрсәуле ЖҰМАБЕКОВА,
Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ.

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Саралжын ауылдық округі ММ	А. Мубаракوف Округ өкімі	Қазан 8,15,22,29 Қараша 5,12,19,26 Желтоқсан 3,10,17,24,31 Уақыты сағ.: 10:00 ден -12.30 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74 – 145

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефоны 74-145**, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

2020 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН, ҚАРАША, ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДАҒЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ.

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты ММ	Сұлтанов Айбек Өтегенұлы Округ өкімі	1,8,15,22,29 қазан 5,12,19,26 қараша 3,10,17,24,31 желтоқсан Уақыты сағ.:10 ⁰⁰ -12 ³⁰ дейін	Еңбеккерлер көшесі №6	73-6-01 akimat-karaoi@mail.ru

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 73 – 6 – 01 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

БЕСАСПАП БЕКЕН



Ал енді оның өнері ғажап-тұғын. Ойнамайтын аспабы жоқ. Домбыра, сырнай, бас гитара, соло гитара, ритм гитара, ионика, барабан, қысқасы мәдениет үйіндегі бар аспаптың бәрінде ойнайтын. Кіп-кішкентай болып қай уақытта үйреніп алған деп таңғала-тынбыз. Біз болсақ, аздап қана домбыра тартып, бильярд ойнайтынбыз. Мен онымен салғаннан достасып кеттім. Маған нота үйретпекші болды, мен онысын түсінбедім бе, елде аса бір талпыныссыз болмады ма, ештеңе шықпады. Ол өзі мәдени-ағарту училищесін бітіріп келген беті, аса білімдар болатын.

1980 жылы екеуіміз өскерге қатар алындық. Украина жерінде қазіргі Луганск облысында (Ворошиловград) екі жыл қатар қызмет еттік. Арамыз бес-ақ шақырым болғанымен, тәртіптің қаталдығы сондай екі жылдан соң ауылға келіп бір-ақ көрістік. Ие, қайтадан мәдениет үйіне қызметке тұрдық. Келесі жылы жолым түсіп мен Алматыға оқуға кеттім. Ол болса туған жер топырығынан ажырамай ауылда қалды. Бекең ауылда қалып ештеңеден ұтылған жоқ. Гүлшайымдай сұлууды қолына қондырып, алаңсыз аудан өңірінің мәдениетін көркейтуге бел

БІЗ ОНЫ ҚЫСҚАША БЕК ДЕСЕК, ҮЙ-ІШІ БЕКЕН, АЛ КЕЙБІР ДОСТАРЫ ВИКТОР ДЕП ТЕ АТАҒАН. “СҮЙГЕН ҚҰЛДЫҢ АТЫ КӨП” ДЕМЕКШІ, ҚАЛПЫ ШАҚЫРСАҢ ДА “ӨУ ”- ДЕП ҚАРАП ТҰРАДЫ. ШЫН АТЫ-ЖӨНІ БЕКМҰХАМБЕТ. ЖАСТАЙЫНАН ЭСТЕТ, ӘДЕМІ НӘРСЕГЕ ӘСЕРЛЕНЕ ҚАРАЙТЫН, ӨЗІ ДЕ СҮЙКІМДІ БОП КӨПШІЛІК АРАСЫНАН ДАРАЛАНА КӨРІНЕТІН. “ДАРАЛАНЫП” ДЕГЕНГЕ СОРАЙҒАН БОЙЫ БАР ЕКЕН ДЕП ҚАЛМАҢЫЗДАР, КЕРІСІНШЕ БОЙЫНЫҢ ҚЫСҚАЛЫҒЫМЕН, ОЙЫНЫҢ ҰШ-ҚЫРЛЫҒЫМЕН ДАРА КӨРІНЕТІН. ӨЗІ ДЕ ҚЫЗ МІНЕЗДІ, ӨТЕ ҰЯҢ.

шеше кірісті. Мықты сүйемелдеуші, шебер ансамбль ұйымдастырушы, білікті ұстаз. Орнықты мінезіне сай тыңғылғасты іс атқаратын, бейнеттен қашпайтын еңбекқор азамат болып қалыптасты.

Осының бәрине қоса сазгерлік таланты ашылды. Музыкаға деген құштарлық өзінің дегенін істеп тынды. Жаны сұлу жанның өсем саз туғыз-бауы мүмкін емес еді. Анасына арнап **«Заңғар»**, туған жеріне арнап **«Өлке сазы»**, **«Толғау»** күйлері, **«Көңіл сыры»**, **«Әсем өлкем»**, **«Жүсіпбәлі-өвшілер жыры»** өндері осының айғағы.

Ұстаз ретінде шәкірттер тәрбиелеп, олар республикалық конкурстардың лауреаттары, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларынан арнайы жоғары білім алған, қазіргі кезде ел мақтанышына айналған **Шамшаддин Омаров**, **Набрешов Нұрғанат**, **Бейсембаева Ләззат** сынды туған жеріміздің талантты перзенттері. Өзінің ұлы **Қай-**

сар болса, өке жолын қуып музыка мамандығын таңдады. Ахмет Жұбанов атындағы саз колледжін аяқтап, қазір Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның IV-курс студенті.

Ие, сырғып айлар, жылжып жылдар өтті. Кешегі бозбала досым бүгінгі күні 60-тың асқарына аяқ басқан, самайын қырау шалған, кейінгіге айтары бар ұлағатты жаңа айналды. Жан жары Гүлшайым екеуі немере сүйіп отырған ата мен өже. Бекен досымның осынау мерейлі жасында дені сау болып, отбасының аман болуын тілеймін. Ғұмыры ұзақ боп, ұл-қыздарының қуанышына бөленіп, өсем өн-күйлерімен туған елімізді әділдей берсін!

Мақсат ТІЛЕПБЕРГЕН,
досы, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық Халық аспаптары оркестрінің домбырашысы, ҚР Мәдениет қайраткері.



«ҚЫЗЫЛ ТУ КУБОГІН» ҚАРАТАЛДЫҚ ЖАСТАР ҚАНЖЫҒАСЫНА БАЙЛАДЫ



Жуырда спортты серік еткен қараталдық жастар Қобда ауданы, Егінді-бұлақ елді мекенінде футболдан өткен жарысқа арнайы барып бақтарын сынап келді. Үнемі дайындықтарын шыңдап жүрген спортшылар аталған спорттық додада тартысты ойын көрсетті. Теңбіл допты асықша ірген біздің жігіттер алғашқы ойыннан-ақ «Талдысай» командасын 6-0 есебімен ойсырата жеңіп шықты. Өрі қарай ашық аспан астындағы алаңда ойынды одан сайын қыздырған қараталдық жас спортшылар 5 команданың арасында жеңіске жетті. Команда жетекшісі Мағжан Әділ-қайыровпен ұлы телефон арқылы тілдесу барысында команда құра-

мындағы 10 ойыншының теңбіл допты бір-бірін түсіне қарсылас командалардың қақпасына салу аса қиындық тудырмаған. Сондай-ақ, осы додада Ернұр Бақытжан 14 гол салып, «Үздік шабуылшы» танылған. Осылайша Қызыл тудың ауыспалы кубогін тартысты ойын көрсетті. Теңбіл допты асықша ірген біздің жігіттер алғашқы ойыннан-ақ «Талдысай» командасын 6-0 есебімен ойсырата жеңіп шықты. Өрі қарай ашық аспан астындағы алаңда ойынды одан сайын қыздырған қараталдық жас спортшылар 5 команданың арасында жеңіске жетті. Команда жетекшісі Мағжан Әділ-қайыровпен ұлы телефон арқылы тілдесу барысында команда құра-

мындағы 10 ойыншының теңбіл допты бір-бірін түсіне қарсылас командалардың қақпасына салу аса қиындық тудырмаған. Сондай-ақ, осы додада Ернұр Бақытжан 14 гол салып, «Үздік шабуылшы» танылған. Осылайша Қызыл тудың ауыспалы кубогін тартысты ойын көрсетті. Теңбіл допты асықша ірген біздің жігіттер алғашқы ойыннан-ақ «Талдысай» командасын 6-0 есебімен ойсырата жеңіп шықты. Өрі қарай ашық аспан астындағы алаңда ойынды одан сайын қыздырған қараталдық жас спортшылар 5 команданың арасында жеңіске жетті. Команда жетекшісі Мағжан Әділ-қайыровпен ұлы телефон арқылы тілдесу барысында команда құра-

НҰРАЛЫДАН НЕГЕ ҮЛГІ АЛМАЙМЫЗ?

АУЫЛ - ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ. РАС, «АЛТЫН БЕСІК» МАЛЫМЕН АЖАРЛЫ. АЛАЙДА, ҚАЗІРГІ АУЫЛДАРДЫҢ АЙНАЛАСЫНЫҢ АЖАРЫ ТАЙЫП БАРАДЫ. ОНЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ – МЫҢҒЫРҒАН МАЛ, ҮКІМЕТКЕ АЛАҚАН ЖАЙМАЙ, МАЛЫН БАҚҚАН АЗАМАТҚА АЛҒЫС АЙТАМЫЗ. БІРАҚ, МАЛ ЖИЮСЫДЫ ЖОЛЫ ОСЫ ЕКЕН ДЕП АУЫЛДЫҢ ДА АЖАРЫН ҰМЫТПАУЫМЫЗ КЕРЕК.

Көптоғай ауылында Нұралы Аймұханов деген азамат бар. Сол Нұралы соңғы екі жылдан бері екі жүзге тарта қойын жаз жайлауға шығып бағып отыр. Данышпан Абайға жүгінесек,

«Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,

Ықтырмамен отырап күзеуде бай» - дейді.

Шаруамен көзі шыққан Нұралы төңірегі тозып бара жатқан ауылын ойлап, ауылдастарын қасына шақырады. Бірақ, биыл да оның бастамасын ешкім қолдаған жоқ.

Осы жазда шаруамен жүріп, Көптоғай ауылынан біраз ұзап шыққан кейін қараша қостың қасынан өттік. Үйдің қасында екі жүздің үстінде қой жайылып жүр. Мініс аты тұсаулы тұр. Қараша қостан жүзін күн қақтаған жігіт шықты. Бұрыннан да аздап таныстығымыз бар еді. Токтап сөлем берді. Еңгіме ауаны отырсаң абықты. «Кімі жүз қойға бола отырсың ба?» - деп сұрасам, қасына ешкім ермей тұрғанын айтады. Өңгіме барысында осы жайлауды жаз бойы отыруға берген ауыл азаматы Тағат



Бердембаевқа алғысын айтады. Малы құдықтан су ішеді. Наурызда кешіп барыпты. Інілерімен бірігіп бағады. Малы қонды.

Жасынан шаруамен «көзі шыққан», еңбек жолын комсомол жастар бригадасында бастаған жігіт ауылдың төңірегіндегі тозып бара жатқан қараша қостың қасынан өттік. Үйдің қасында екі жүздің үстінде қой жайылып жүр. Мініс аты тұсаулы тұр. Қараша қостан жүзін күн қақтаған жігіт шықты. Бұрыннан да аздап таныстығымыз бар еді. Токтап сөлем берді. Еңгіме ауаны отырсаң абықты. «Кімі жүз қойға бола отырсың ба?» - деп сұрасам, қасына ешкім ермей тұрғанын айтады. Өңгіме барысында осы жайлауды жаз бойы отыруға берген ауыл азаматы Тағат

кейбір ауылдарда алды екі жүз-үш жүз қой, елу-алпыс ірі қара ұстап отырғандар бар. Өрине, ауылда тұрып мал баққан азаматтар қуанамыз! Бірақ? Қатты айтсақ, «малмен мал болып» отыруға бола ма? «Ауылына қарап, азаматтың таны!» - деген бар. «Келгенше қоңақ ұялады, келген соң, қоңақ іесі ұялады!» Қонақтан ұялмас үшін ауылдың аяқтары азаматтың бөріне ортақ. Сондықтан, Нұралының бастамасын барлық ауылдардағы азаматтар қолдауды керек!

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.